

ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында «Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» деген болатын.

Қазіргі кезеңде заманауи білім беру парадигмасы өзгеріс үстінде. Бұрын тек білімді меңгертуге көңіл бөлінсе, бүгінде оны қолданысқа енгізуге баса назар аударылуда. Осы орайда ұстаздарға жүктелетін міндет те бұрынғыдан арта түсті. Сыныппен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру міндеті туындады. Осы мақсатта сабақ барысында сын тұрғысынан ойлау, жобалау, проблемалы оқыту, ұжымдық технологияларын қолданып жүрмін.

Оқытуды ұйымдастыру барасындағы топтық форма-оқушыларды өз бетінше жұмыс жасауға бейімдейді, өз пікірін еркін жеткізуге, оны дәлелдей алуға, өзгелердің пікірін де тыңдауға, ізденуге үйретеді.

Сабақта қолданатын әдістердің ішінде ДЖИГСО тиімділердің бірі.

Мұғалім сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі. Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады.

Оқушылар өздігінен білім алуымен бірге еркін сөйлей алады, пікір алмасады, құзіреттіліктері арта түседі, коммуникативтік сауаттылығы қалыптасып, талдауға үйренеді.

Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең

жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын – оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады. Мәселен, 8-сыныпта Қазақстан тарихы пәнінен берілген «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» тақырыбында «Логикалық мозаика» әдісі бойынша оқушыларға салт-дәстүрге байланысты суреттер беріледі. Олар осы суреттерді топтастырып, өзара хронология, тақырып бойынша байланыстырып, бір жүйеге келтіреді. Төмендегі критерийлер бойынша бағаланады.

Білу. Оқушылар берілген сурет бойынша қандай салт-дәстүрін бейнеленгенін айту керек.

Оқушы меңгеретін және берілетін білім негіздері

Түсіну. Суреттегі салт-дәстүр туралы айтып бере алады.

Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді.

Қолдану. Берілген суреттерді белгілі бір тақырып бойынша топтастырады.

Алған білімді қолданады

Талдау. Осы суреттердегі салт-дәстүрлерін өзара байланысын талтайды.

Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады

Жинақтау. Топтастырылған суреттерді жинап, бір жүйеге келтіру.

Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады.

Ойынды ұйымдастырғанда оқушылар тек білім беру қызметін



ғана емес, азаматтық яғни қазақ халқының салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуіне өз әсерін тигізеді.

Оқушыларды әлеуметтендіру – функционалдық сауаттылықтың бір тармағы. Тарих пәні мектептегі оқу пәні ретінде негізгі орта білім беретін мектептегі барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық пәндерінің өзегін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді қалыптастырады.

Оқу пәнінің негізі — адамзаттың жүріп өткен табиғи және әлеуметтік даму жолы (адам — табиғат — қоғам).

Мәселен, 10-сыныпта берілген «Қазақ хандары» тақырыбын өту барысында Қасым хан, Тәуке хан-



дармен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еліміздегі тұрақтылықтың орнатылуы, шекараның нығаюы, халық санының өсірудегі рөлі салыстырылып, мемлекет басшыларының қоғамды, халықты қалай әлеуметтендіргенін оқушылар көре алды және осы тарихи оқиғалар оқушының өз тұлғасын әлеуметтендіруіне жағдай туғызды.

Оқушы тарих сабағында тарихи жағдай мен еліміздегі қазіргі жағдайды, тарихи тұлғалар мен қазіргі билік басындағыларды салыстырып, одан қорытынды шығару арқылы бойына отаншылдық, патриоттық

қасиеттерін қалыптастырып, өзінің жеке тұлғалық қасиеттерін шыңдайды, яғни әлеуметтенеді.

Жобалау технологиясын қолдану – оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіруге, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу болып табылады.

Мәселен, 6-сыныпта Қазақстан тарихы пәнінен «Ежелгі тас ғасыры»

тақырыбында оқушыларға келесі тапсырмалар беріледі.

1 топ «Антрополог»

Адамның шығу тегін, оның даму бағысын зерттеп жоба дайындайды.

2 топ «Археолог»

Қазақстан жерінен табылған ежелгі адамдардың еңбек құралдарын сипаттап, кескін картаға тұрақтарды түсіріп, жоба дайындап, қорғайды.

3 топ «Тарихшы»

Ежелгі адамдардың қол жеткізген жетістіктерін зерделейді.

Әр топ әзірлеген жобаларын көпшілік алдында қорғайды.

Қорыта айтқанда тарих сабағында қолданып жүрген оқыту технологиясын қолдану келесі нәтижелерге қол жеткізеді:

- Оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- Сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастыруға көмектеседі;
- Тіл байлығын дамытады;
- Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
- Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді;
- Өз бетімен білім алатын, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

*Г.І. ӨТЕГЕНОВА,
Жамбыл облысының
үш тілде оқытатын
мамандандырылған
дарынды балаларға арналған
мектебінің
тарих пәні мұғалімі,
«Үздік педагог 2015» байқауының
жеңімпазы*



АННОТАЦИЯ

В этой статье учитель истории школы для одаренных детей Жамбылской области Г. Отегенова делится технологией преподавания истории Казахстана в средних и старших классах. По мнению автора работа в группах воспитывает в ученике такие качества, как свободное мышление, коммуникабельность, ораторские навыки и т.д.